## Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында 2005-2007 жылдарға арналған үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама туралы

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 184/22-III шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қарашада N 417 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 47/8-IV шешімімен

Астана қаласының әкімдігі ұсынған, Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында 2005-2007 жылдарға арналған үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі Бағдарламаны қ а р а с т ы р ы п .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 тармағын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында 2005-2007 жылдарға арналған үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі Бағдарлама бекітілсін.

*Астана қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

## 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында үлгілі қоғамдық тәртібі және жоғары құқықтық мәдениетін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаға КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

*Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Астана қаласының ІІД бастығы*

*Қазақстан Республикасы Ішкіісмині Көліктегі Орталық ІІД бастығы*

*Қазақстан Республикасы ҰҚК Астана қаласы бойынша департаментінің бастығы*

*Астана қаласы бойынша Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаментінің бастығы*

*Астана қаласы бойынша Әділет департаментінің бастығы*

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Астана қаласы бойынша басқармасының бастығы*

*Астана қаласы бойынша кедендік бақылау департаментінің бастығы*

*Астана қаласының сот төрағасы*

*Астана қаласының Пәтерлер меншік иелері ассоциациясының төрағасы*

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 184/22-III шешімімен бекітілген

# Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында 2005-2007 жылдарға арналған үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі БАҒДАРЛАМА

Мазмұны

## 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

| | |
|---|---|
| Бағдарлама атауы: | 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында үлгілі қоғамдық тәртібі және жоғары құқықтық мәдениетін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама. |
| Әзірлеуге арналған негіздеме: | Осы бағдарлама Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін даму стратегиялық жоспарын, |

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған стратегиясын, Қазақстан Республикасының нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресудің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының нашақорлықпен күресудің басымды шараларының 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1355 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы және Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 3-1-1744 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Астана қаласы шараларының жоспарын жүзеге асыру аясында әзірленген.

Әзірлеуші: Астана қаласының Ішкі істер департаменті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүдделі департаменттерімен бірігіп әзірленген.

Орындаушылар: Астана қаласы әкімінің аппараты; "Алматы" және "Сарыарқа" аудандары әкімдерінің аппараттары; "Алматы" және "Сарыарқа" аудандық Ішкі істер басқармалары; Астана қаласының Ішкі істер департаменті; Астана қаласының "Алматы" аудандық Ішкі істер басқармасы және "Сарыарқа" аудандық Ішкі істер басқармасы; Халықты еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті; денсаулық; білім беру; ішкі саясат; сәулет және қала құрылысы; Әділет; Жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар департаменттері; Астана қаласының ПИК ассоциациясы; Астана қаласы бойынша ҚАЖК басқармасы; Астана қаласы

бойынша ЭКҚКД, ҰҚКД (келісім бойынша); Қалалық сот (келісім бойынша); Қазақстан Республикасы Астана қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті (келісім бойынша); Көліктегі Орталық Ішкі істер департаменті (келісім бойынша).

Негізгі мақсаты: Астана қаласында үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету. Құқық бұзудың алдын алу жүйесін қалыптастыру, осы жұмысқа барлық мемлекеттік органдарды, қоғамдық құрылымдар мен халықты қатыстыру, құқық бұзудың алдын алу және қылмыспен күресуді қамтамасыз етуде жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігі мен ролін арттыру.

Негізгі міндеттері: Қылмыстарды толығымен есепке алу мен тіркеуді, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алдын алу жұмысын жетілдіру; Қылмыстар мен құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қарау барысында заңдылықты сақтау; Қала тұрғындары мен қонақтардың бас бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету, жеке және мүліктік қауіпсіздігін қорғау; Құқық бұзудың бағыты әлеуметтік-құқықтық алдын алу жұмысын іске асыру; қылмыспен күресу жұмысына азаматтардың мүдделілігін және құқықтық мәдениетін арттыру; ұйымдасқан қылмысқа, нашақорлыққа, есірткі бизнесіне заңсыз көші-қонға, діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекеттің сенімді жүйесін құру. Азаматтардың құқығын, заңдылықты және құқық тәртібін қамтамасыз етуде ішкі істер органдарын халықпен байланыстыратын полиция учаскелік инспекторлардың ролін арттыру және олардың жұмысын тиімді ұйымдастыру.

Іске асыру мерзімдері мен кезеңдері: 2005-2007 жыл

Жұмсалатын қаржы: Қаржыландыру көлемінің жобасы: барлығы 405 млн. 107 мың теңге, оның ішінде:

2005 жыл - 21 млн. 385 мың теңге
2006 жыл - 189 млн. 381 мың теңге
2007 жыл - 194 млн. 341 мың теңге

Қаржыландыру көзі: Жергілікті бюджет қаражаты

Күтілетін негізгі нәтижелер: 2007 жылдың аяғына қарай: Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында құқық бұзудың әлеуметтік алдын алу жүйесі құрылады; қылмысқа қарсы күрес ұлғаяды; ауыр және аса ауыр қылмыстардың саны (Астана қаласы бойынша жыл сайын көрсеткіш деңгейінен аспайтын тіркелген қылмыстардың саны - 10 мың халыққа 58 қылмыс), сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен көшеде жасалатын қылмыстар саны төмендейтіні күтілуде; халықтың құқықтық сана сезімі, мемлекетке және құқық қорғау органдарына деген сенімді арттыру қамтамасыз етіледі.

## 2-Бөлім. Кіріспе

Құқық бұзуды ескерту, қылмыспен күресу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қоғамның дамуы мен тұрақтылықты өмір сүрудің, мемлекеттің әрі қарай дамуы үшін жағдай жасау және қазақстан азаматтарының өмір сүру деңгейін көтерудің конституциялық жағдайы болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдардың, бірлестіктердің қолдаусыз, Астана қаласының құқық қорғау және басқа да мемлекеттік құрылымдарының үйлесімсіз, мемлекеттік емес ұйымдар мен құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдарды және халықты қатысуынсыз осы мәселелерді шешу мүмкін емес.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі туып отыр.

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін даму стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған стратегиясын, Қазақстан Республикасының нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресудің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының нашақорлықпен күресудің басымды шараларының 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын және Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 3-1-1744 қаулысымен

бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Астана қаласы шараларының жоспарын және қылмыспен күресу саласындағы бұрын іске асырылған бағдарламаларға сүйену принциптерді сақтай отыра, басқа бағдарламалық құжаттарды іске асыру аясында әзірленген.

Бағдарламада ведомствоаралық деңгейде де, ішкі істер органдарының саласы бойынша да шешімдер қабылдауды талап ететін негізгі ережелер бар.

## 3-Бөлім. Астана қаласындағы жедел жағдайды талдау

Астана қаласындағы жедел жағдайдың талдауы көрсеткендей, 2004 жылы ұйымдастыру және тәжірибелік шаралары кешенінің іске асырылуының нәтижесінде Қазақстан Республикасының елордасы Астанада криминогендік жағдай тұрақталған.

Барлық қылмыстар саласы бойынша тіркелген жалпы санының 17%-ға жоғарылауы, бұл ең алдымен жасалған барлық қылмыстарды тіркемеу және оларды есептен жасыру деректерін жоюды қамтамасыз ету жөнінде ІІМ-мен прокуратура органдары бірігіп 100% тіркеуін іске асырған шаралардың нәтижесінде құқыққа қарсы кейбір әрекеттер, яғни денсаулыққа ауыр зиян келтіру (-1,2%), әйел зорлау (-45,1%), көлік құралдарын ұрлау (-58,6%), оның ішінде автомобильдерді ұрлау (-40%), өлімге әкеп соққан жол-көлік оқиғасы (-19%) деректері төмендеген.

Астаналық полициясы "Құқық тәртібі", "Надзор", "Тұрмыс", "Подросток", " Кольцо", "Мигрант", "Занятость", "Қару" т.б. жедел-алдын алу шараларын өткізіп тұрады, сыртқы қызмет жасақтардың сандары көбеюде, қала ішінде "Модуль" жүйесінің станционарлық посттары орнатылған, сондай-ақ бірқатар тәжірибелік және тиімді алдын алу шаралардың өткізілуінің нәтижесінде қоғамдық жерлерде жасалатын қылмыстардың (-5%), бұзақылық жасау (-2,9%), көшелерде жасалатын қылмыстар (-13,5%), мас күйде жасалатын қылмыстар мен құқық бұзу (-14,6%) айтарлықтай төмендегені байқалады.

Астана қаласының Ішкі істер департаменті құқық қорғау жұмыстарына қоғам мен қоғам құрылымдарын тартуға аса көңіл аударады, бұл жұмыс өзінің тиімділігін көрсетеді деген үміттеміз.

Елордада көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістерін күзету мақсатында " консьержілер қызметі" (258 адам) құрылғаннан бері соңғы 3 жылдан бері саны көбейген пәтер ұрлығы (-7%) және автомотокөлігін айдап кету қылмыстарының саны азайған (-6%). Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мектеп инспекторларының лауазымы енгізілгеннен және қаланың кейбір оқу орындарында жастар-жедел жасақтары құрылғаннан бері жасөспірімдермен

жасалатын қылмыстар екі есе төмендеуіне әсерін тигізді.

2003 жылмен салыстырғанда ауыр (+5,9%) және аса ауыр қылмыстарды (+ 0,1%) ашу, оның ішінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (+6,1%), өлімге әкеліп соққан дене жарақатын салу (+5,2%), әйел зорлау (+33,1%) қылмыстарын ашу сапасы жоғарылағанын байқаймыз. Қолданылған шаралардың нәтижесінде қарақшылық тонау, қорқытып алушылық және автокөлік құралдарын ұрлау қылмыстарын ашу деңгейі көтерілген.

Мемлекетімізде жүргізіліп отырған саясатқа сүйенсек, Астана қаласының құқық қорғау органдары қызметінің басымды бағытының бірі нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес болып табылады.

2004 жылы астаналық Ішкі істер департаментімен есірткімен байланысты 128 қылмыс анықталып, олардың жолы кесілді (2003 жылы - 123). Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 32-бабына сәйкес 59 адам, оның ішінде кәмелетке толмаған 6 жасөспірім әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Салынған айыппұлдың жалпы сомасы 176 мың теңгеден астам. Жүргізілген жедел-іздестіру шаралардың нәтижесінде заңсыз айналымнан 160 кг астам есірткі құралдары, 8 кг-ға жуық прекурсорлар және 300 таблеткадан астам психотроптық зат тәркіленді.

Тергеу жұмыстарында да айтарлықтай оң нәтижелер бар. Атап айтсақ, сотқа 1627 қылмыстық іс жіберілді, яғни 2003 жылға қарағанда 177 іске көп немесе 12,2% жоғары. 168 іске, немесе 8,8%, олардың тоқтатылуы азайған.

Қаладағы жедел ахуалды күрделі ететін - бұл саяси-қоғамдық, спорт және мәдени-ойын сауық шараларының жиі өткізілуі, көші-қон үдерісінің өсуі.

Өткен 2004 жылы Астана қаласының аумағында 300-ге жуық саяси-қоғамдық және 370-ден астам спорттық және мәдени-ойын сауық шаралары өткен. Қазақстан Республикасының елордасына ресми сапармен 25 шетел мемлекеттің Елбасшылары мен 42 үкімет делегациясы келген.

Өткен жылдың 12 айы ішінде Астана қаласында халық саны 510,5 мың адамнан 526,3 мың адамға дейін өскен, астанада тұрақты тұрып жатқан шетел азаматтарының саны 2874, уақытша - 61620, немесе 2003 жылмен салыстырғанда , 31,54%-ға өскен. Шетел азаматтары Қазақстан Республикасында болу ережесін бұзғандары үшін 2207 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 301 адам сот тәртібінде елден қуылған.

Астана қаласында тіркелген автокөліктер санының өсуіне қарамастан (соңғы 3 жыл ішінде 41508 бірліктен 95198 бірлікке дейін), 2004 жылы елордада жол апатының саны 3,96%-ға төмендеген. Астана қаласының ІІББ Жол полициясы басқармасының қызметкерлері 125 мыңнан астам Жол қозғалысы ережелерін бұзу дерегін анықтап, оның ішінде көлік құралын мас күйінде жүргізген 3853 адам ұсталған.

Қала аумағында жол және қоғамдық қауіпсіздікті толығымен бақылауға мүмкіндік беретін тәулік бойы жұмыс істейтін 98 бейне бақылау орнатылған. Осы бейне бақылау жүйесінің көмегімен 2004 жылдың ішінде топтасқан төбелестің 11 дерегі, 1 телефон арқылы бұзақылық жасаған 1 дерек, бағыт таксиді ашық түрде тонаудың 2 дерегі анықталып, оларды болдыруға жол берілмеген. Қоғамдық жерлерде мас күйінде болған 400 адам жеткізілген. Алайда, елорданың шеткі аудандарында бейне бақылау жүйесін орнату қомақты қаржыны талап етеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мен соңғы кезде бақылауды қатайтып және қайта қылмыс жасау барысында жауапкершілікті күшейтуді іске асыратын әлеуметтік бейімдеу жөніндегі шаралар қайта жасалатын қылмыстардың айтарлықтай тұрақталуын қамтамасыз етті. Өткен жылы бұрын сотты болғандармен шамасы 138 қылмыс тіркелді (2003 жылы - 132).

Сонда да, қылмыстылық Астана қаласының өмір-салтының барлық саласына өзінің теріс ықпалын тигізетінін байқауға болады.

Сондықтан да қылмыс жасағаны үшін міндетті түрде жазаға тарту принципін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың деңгейін жоғарылату қажет. Рецидивтік қылмыс санының өсуі де байқалуда. Ұйымдасқан қылмыспен және бандитизммен күресу жұмысы жүйесіз, өзара әрекеттесе жұмыс істелмейді. Осы мәселе бойынша құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдары арасында нақты үйлестіру жұмыстары да жоқ.

Есірткінің заңсыз айналымы мен есірткі тарату - қаладағы өзекті мәселенің бірі. Есірткіні көбінесе кәмелетке толмағандар мен жастар қолданатыны жүрекке шаншу болып қадалады. Құқық бұзудың алдын алу жұмысын қамтамасыз етуде мемлекеттік билік, қоғамдық ұйымдардың ролі төмен.

Жастарды жұмыспен қамту мәселесінің шешілуі тиісті деңгейде болмай отыр, қылмыстық жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың көбі еш жерде оқымайды немесе жұмыспен қамтылмаған.

Астаналық жол полициясын нығайту және олардың тәжірибелік пен алдын алу қызметін жетілдіру жөнінде тиімді шаралар қолдану қажет.

Заңсыз көші-қонмен күресуге бағытталған құқық қорғау органдары мен мемлекеттік органдарының өзара әрекеттесуі мен күштері жеткіліксіз болуынан астанаға есірткінің, қылмыстық элементтер мен экстремистердің кіруіне ықпал етеді.

## 4-Бөлім. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

**Бағдарламаның мақсаттары:**

Астана қаласында үлгілі қоғамдық тәртіп және жоғары құқықтық мәдениетті

қамтамасыз ету;

құқық бұзудың алдын алу жүйесін қалыптастыру;

осы жұмысқа барлық мемлекеттік органдарды, қоғамдық құрылымдар мен халықты қатыстыру;

құқық бұзудың алдын алу және қылмыспен күресуді қамтамасыз етуде жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігі мен ролін арттыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыспен күресу;

жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Жол қозғалысы ережесін бұзушылықтың алдын алу;

маскүнемдік, алкоголизм және нашақорлықтың алдын алу, заңсыз есірткі айналымымен күресу;

кәмелетке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу;

заңсыз көші-қонмен күресу, Астана қаласында басқа қаладан келген азаматтардың болуын реттеу;

ұйымдасқан қылмыспен күресу, діни экстремизм мен терроризм бағытындағы деректерді болдырмау;

ішкі істер органдарының жеке құрамы арасында әскери-қызметтік тәртіп пен заңдылықты нығайту;

қоғамның құқық мәдениеті мен халық арасында полиция беделін жоғарылату;

ішкі істер органдарының кадр саясатын жетілдіру, Ішкі істер департаменті қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі мен біліктілігін жоғарылату;

ішкі істер органдарының қаржылық, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етуін нығайту.

## 5-Бөлім. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмі

### 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыспен күресу

Қазіргі жағдайда қаладағы қылмыспен күресуді ұйымдастырудың негізгі бөлігі бұл криминогендік жағдайды ескерту. Соңғы жылдары қылмыспен күресудегі күш шараларынан ойдағыдай нәтиже шықпады.

Қаладағы криминалдық жағдайды тұрақтандыру құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жүйесін құрусыз, құқық қорғау және басқа да мүдделі мемлекеттік

органдарының халықпен байланыста болмауы мүмкін емес. Алдын алу - ескерту жұмыстары дәстүрлі формалар мен тәсілдерді талап етеді, сондай-ақ елдегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сай әрекеттесудің жаңа түрлерін іске асыру мен оларды іздеу жолдары қажет.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін құқық қорғау органдарының қызметіне қоғамды тарту қажет, сонымен қатар, "Қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуге азаматтарды қатыстыру туралы" Қазақстан Республикасы заңының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1243 қаулысымен бекітілген Қылмыстарды ескерту және жолдарын кесуге ықпал ететін қоғамдық тәртіпті күзетуге қатысатын азаматтарды ынталандыру ережесінің мүмкіндігін пайдалану қажет.

Осы бағыттағы жұмысқа Астана қаласының әкімдігі жыл сайын 3700 мың теңгедей қаражат бөліп тұрады. 2004 жылы полицияға көмектескен 450 азамат ынталандырылды. Осы жылға тұтыну құнының индексін ескере отыра, астанада қоғамдық тәртіпті күзетуді қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды ынталандыру үшін жергілікті бюджеттен 3885 мың теңге бөлінген.

Ішкі істер органдарының жүйесін реформалау аясында 2004 жылдың тамыз айында Астана қаласының аумағында полицияның қоғамдық көмекшілері - " консьерж қызметі" құрылған. Қысқа мерзім ішінде (2004 жылдың 4-тоқсандығы) аталған қызмет мүліктік қылмыстардың түрлерін ескерту мен алдын алуда өздерінің жоғары тиімділігін көрсетті.

258 консьержінің көмегімен өткен жылдың аяғында пәтер ұрлықтарының (-7%), көлік құралдарын айдап кету (-6%) саны азайған. Соңғы үш жылдары осы қылмыстар категориясы жиі жасалатын.

Алдағы 3 жыл уақытында көп қабатты үйлердің кіреберістерін күзететін қоғамдық күзетшілердің санын 700 адамға дейін көбейту жоспарланып отыр. Әрбіреуіне жеке іс жасалып, арнайы есептер бойынша тексеріс шаралары жүргізіледі.

Пәтер ұрлықтары мен меншіктің әр кез объектілеріне құқыққа қарсы қол сұғушылықтың алдын алу және ескерту үшін Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы объектілерді күзетуге алу жөнінде келісім-шарттар жасасу жөніндегі жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Қылмыс көп жасалатын деп есептелетін, шағын аудандарда, көшелерде, саябақтарды т.б. жерлерде жағдайды жақсарту мақсатында "01", "02", "03" қызметтерін тегін шақыру мүмкіндігімен және жарық орнатылған таксофондық аппараттарын орнату қажет; "Такси", "Қоғамдық көлік", коммерциялық радио арналарды, "Жедел жәрдем беру" кезекшілік диспетчерлердің қызметтерін пайдалану; түнгі және кешкі мезгілде көшелерге үзбестен жарық беру.

Қала шекарасының кеңеюіне, инфрақұрылым объектілерінің көбеюіне және

қала халық санының өсуіне байланысты Есілдің сол жағалауында қосымша алты полиция бөлімшелерінің құрылуы қажет.

Көше мен қоғамдық жерлердегі құқық бұзу, оның ішінде Жол қозғалысы ережелерін бұзуды қысқарту мәселесі қызмет атқару формалары мен әдістерін жетілдіруді, техникалық бақылау мен байланыс жүйесін дамытуды, көлікпен шолу жүргізу кезінде икемділікті жоғарылатуды, сондай-ақ қызметтік иттер мен аттарды тиімді пайдалануды, оның ішінде құқық қорғау бағытында қоғамдық құрылымдарды белсене қатыстыру есебінен моральдық, материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеуді, құқық тәртібін қолдауда қатысатын тұлғаларды құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуді көздейді.

Қаланың шеткі аудандарында, саябақ алқаптары мен ағашты саябақтарда жасалатын мүліктік қылмыстардың түрлерін ескерту мен ашу мақсатында салт атты полиция саны жоспарға сай жоғарылауда. Осы мақсатта Ішкі істер департаменті Патрульдік полиция полкінің кавалерийстік взводының базасында штатқа қосымша 78 бірлік енгізіп, кавалерийстік рота құру ұсынылып отыр.

## 2. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Жол жүру ережесін бұзудың алдын алу

Қала магистралдарындағы апаттылық жағдайының төмендеуіне қарамастан (-3,96%), жол-көлік оқиғасында зардап шеккендердің (+2,82%), оның ішінде көз жұмғандардың (+15,15%) саны көбеюде. Жол-көлік оқиғасының негізгі себебі - жүргізушілер тәртібінің төмен екені. Жол қозғалысына қатысатын жүргізушілердің кінәсінен болған жол-көлік оқиғасы 86,2% құрады.

Жол-көлік оқиғасының негізгі себептері - бұл қарсы жол қозғалысына шығып кету, көше қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өтпесінде, жол жүру ережелерін, ара қашықтықты сақтамау. Жаяу жүргіншілермен де алдын алу жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейтінін де атап айту керек.

Жол қозғалысының қауіпсіздігіндегі айтарлықтай өзекті мәселелер жол қозғалысын ұйымдастырудағы кемшіліктердің салдарынан, тәулік уақытына байланысты бағдаршамдардың тиісті режимде жұмыс атқармайтындығы және көлік құралдарының саны көбейгенінен туындап отыр.

Көшелердің өтімдік қабілетінің жеткіліксіздігі, қоғамдық және жүк көліктерінің бағыттарын әзірлеу барысында кешенді тәсімдерді қарастыратын барлық көлік түрлері қозғалысының кешенді көлік сызбасының жоқтығы жолдардың көптеген учаскелерінде көліктің өте алмай, тұрып қалуына әкеліп соғады. Көлік құралдарының техникалық ахуалын бақылау жөніндегі жүргізілетін жұмыстар да жеткіліксіз.

Астана қаласында үлгілік жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

арнайы шаралар кешенін атқару қажет. Жол полициясы басқармасының, саптық және аудандық жол полициясы бөлімшелерінің штаттық құрылымы мен жұмыстың ұйымдастырылуын қайта қарау керек.

Емтихан-тіркеу бөлімшелерінде азаматтарға қызмет көрсету үшін тиісті жағдай жасау, техникалық бақылау пункттерін қазіргі заманға сай құралдармен жабдықтау, жол-көлік оқиғасы болған жерге жету уақытын қысқарту қажет. Ішкі істер департаменті Жедел басқару орталығының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жол қозғалысын реттеуді қамтамасыз ететін жол қозғалысын басқару жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қолдану қажет.

## 3. Маскүнемдік, алкоголизм және нашақорлықтың алдын алу. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес

Ішкілікке салынудың, алкоголизмнің және нашақорлықтың қоғамға әкелетін зияны азаяр емес. Тұрмыстағы ішкілікке салыну жанұяға, халықтың денсаулығына және мемлекеттің экономикасына орасан зор шығын әкеледі. Ішкілікке салыну әсіресе, жеткіншек жастар есірткіні шамадан тыс пайдалану көбеюде. Адамның алкогольдік тоқырауы әлеуметпен байланысты, мүлікті және баспананы жоғалтуға әкелетін негізгі себептердің бірі болып табылады.

Жағдайдың бұл құбылыспен қосылуы алкогольдік өнімдерді және ішкілікке салынуды таратуға қарсылықтың әлсіреуіне жол береді. Ішкілікке салыну салдарының зияндылығын түсіндіру жөніндегі жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдарында жеткіліксіз жүргізіледі, оқу орындарында алкогольге қарсы тәрбиелеуді жүзеге асыру мардымсыз. Ішімдікке рұқсат, оны қолдануға шақыратын кең таралған жарнама жасөспірімдерге спирттік ішімдіктерді және темекі өнімдерін сатуға тыйым салудың төмендеуіне алып келу өскелең ұрпақтың алкоголизмге және нашақорлыққа беттеуіне оң жағдай жасайды.

Құқық қорғау органдарының қызметі нашақорлықты таратудың алдын-алу болып табылады, бірақ нашақорлық мәселесін қылмыстық қуғындау жолымен шешу мүмкін емес.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы ішкілікке салынудың және нашақорлықтың алдын-алу мәселелеріндегі басты көңіл аударатын мәселе мектептерде және басқа да білім беру мекемелеріндегі оқу және тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру.

Оқу орындарындағы медициналық сауықтыру кабинеттерінің болмауынан спирттік ішімдіктерді және есірткіні пайдаланушы балалар мен жасөспірімдерді анықтауды тексеру жүзеге асырылмайды.

Ішкілікке салынумен және нашақорлыққа қарсы тиімді күрес орталық және жергілікті атқарушы органдарының жолға қойылған қызметі мен қоғамның

барлық күшін жұмылдырғанда ғана мүмкін болады.

Ішкілікке салынудың, нашақорлықтың және басқа зиянды әрекеттердің алдын-алудың оңтайлы бағыттары бәрінен бұрын өскелең ұрпаққа алкогольге және нашақорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Ішкілікке салынумен, нашақорлықпен және токсикаманиямен айналысатын адамдарды оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандарды емдеуге арналған қалалық Медициналық-әлеуметтік сауықтыру орындары санының көбеюі жөніндегі, жалпы білім беретін мектептерде және басқа оқу орындарында жүйкеге ықпал ететін заттарды пайдаланушы оқушыларды тексеруді тұрақты жүргізу жөніндегі медициналық кабинеттерді ашу жұмыстарын жалғастыру керек.

Жалпы білім беретін және кәсіби мектептерде оқу үдерісін жүзеге асыру, мұғалімдердің рөлі мен деңгейін көтеру, мектептен тыс білім беру жүйесін арттыру, балалар музыкасы, көркем, балалар-жасөспірімдер спорттық мектептерді қалыптастыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылсын. Сондай-ақ жағдайы төмен жанұядан шыққан балалар мен жеткіншектердің мектептерге барып тұру мүмкіндіктерін құру қажет.

Көбінесе, нашақорлықпен және есірткіге қарсы күресті күшейтуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2001-2005 жылдарға арналған нашақорлыққа және есірткіге қарсы күрес Стратегиясын және Қазақстан Республикасының 2001-2005 жылдарға арналған нашақорлықпен күрестің оңтайлы іс-шараларының Жоспарын жүзеге асыру аясында кешенді шараларды жүзеге асыру қажет.

Ішкі істер органдары басқа мүдделі мемлекеттік құрылымдармен бірлесе отырып заңсыз есірткі айналымы жүйесіндегі құқық бұзылушылықтарды анықтауға, олардың арналарын жабуға, есірткіні және жүйкеге әсер етуші заттарды қала аумағымен заңсыз тасымалдау және ауыстырудың алдын-алуға бағытталған "Мак", "Допинг" кешенді жедел-алдын-алу операцияларын және басқа да іс-шараларды өткізу тәжірибесі жүргізілуде.

Астана қаласының географиялық жағдайын ескере отырып, есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі қолданылатын шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында өзара әрекеттесуді жедел үйлестіру және біріккен шараларды әзірлеу үшін Көліктегі Орталық ішкі істер департаменттің басшылығымен кездесулер ұйымдастыру қажет.

## 4. Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу

Криминогендік жағдайға әсер етуді есепке ала отырып, басты көңіл аударуды талап ететін мәселе кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты алдын-алу. Соңғы жылдары жеткіншектермен жасалған пайдакүнемдік-зорлық бағытындағы қылмыстың саны көбеюде. Қылмысқа тартылған кәмелетке толмағандардың әрбір екіншісі оқушы немесе студент болып табылады. Құқыққа қарсы жасалған әрекет кезіндегі жекелеген жеткіншектер алкогольдік ішімдік жағдайында болған немесе бұрын қылмысты болғандар.

Әлеуметтік жетімдік және қаңғыбас балалар мәселесі шиеленісуде. Қазіргі уақытта бұзылуға құлықты балаларға арналған жабық түрдегі арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелері жоқ.

Мұндай мекемелерді құру үшін бұл дәрежедегі кәмелетке толмағандармен алдын-алу жұмыстарының тиімділігін, өтпелі кезең арасындағы криминогендік жағдайды қалыптастыруды арттыруға себебін тигізер еді.

Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықты, нашақорлықты және ішімдікке салынуды ескерту және олардың алдын алу мақсатында оқу және жазғы каникулдары кезінде олардың демалыстарын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Атап айтқанда, аула клубтарының жүйелерін қайта құру және олардың жұмыс істеуі, спорт секцияларының және түрлі ұйымдардың ашылуы жөнінде шаралар қолдану қажет; көп қабатты үйлер салынар кезде бірінші қабаттарын жасөспірімдер клубтарын ашуды қарастыру; жастардың компьютерлік сауатын ашу, кәсіби мамандықтарға үйрету.

Мынадай жұмыстар ұйымдастыру қажет:

орта және арнайы орта оқу орындары оқытушылар құрамының өкілдері қатарынан "тәртіпке қиын салынатын" жасөспірімдерге тәлімгер-шефтерді бекіту ;

еңбекпен тәрбиелеу колониясынан оралған кәмелетке толмағандар мен ата-анасының қарауысыз қалған жасөспірімдерді жұмыспен қамту және тұрмыстық жағдайын жайғастыру;

жастар мен кәмелетке толмағандардың арасында есірткі сату және таратумен шұғылданатын адамдарды анықтау үшін мүдделі ведомстволардың қызметкерлері мен полиция қызметкерлері бірігіп қаланың ойын-сауық орындарын (оқу орындары, түнгі клубтар, бар, казинолар т.б.) және жастар көп жиналатын жерлерде рейдтік шаралар жүргізу қажет.

## 5. Заңсыз көші-қонмен күресу және Астана қаласына басқа қаладан келген азаматтардың болуын реттеу

Қазақстан Республикасының ТМД елдеріне кіретін елдердің мемлекеттік шекарасының ашықтығы алыс және жақын шетелдердің заңсыз көшіп-қонуына әкеп соқтыратын көші-қон үдерісінде жүйелі тәртіптің болмауына жағдай туғызып отыр, сонымен қатар, шетелдік экстремистикалық әрекетті эмиссарлар мен діни әрекеттерді ұйымдастыратын шетелдік криминогендік белгілердің келулеріне жол береді.

Қалада көші-қон жағдайын ауырлататын жағдай - бұл республиканың басқа аудандарынан және де ауыл жастарының келуінің реттелмеуі. Осыған ықпалдасатын экономикалық жағдайы. Аса маңызды кеңінен жасалып жатқан құрылысы жұмыс күшін қажет етеді. Оның ішінде мерзімдік жұмысшылар мен вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар. Сондай-ақ елордамыздағы өмір сүру деңгейінің жоғары болуы сауда әрекетімен айналысатындарды қызықтырады. Әсіресе, қала базарындағы сауда жасау.

Еліміздің басқа аймақтарынан келген тұрақты мекен-жайы жоқ тұлғалар қала тұрғындарын мазалайды, сондай-ақ қаланың криминогендік жағдайына теріс ықпал етеді.

Көші-қон үдерісіне әсер ету және келеңсіз жағдайларды жою мақсатында жергілікті атқарушы органдармен, қаланың Көші-қон және демография жөніндегі басқармасымен, Ішкі істер департаменті және басқа да құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуді күшейту қажет. Еліміздің елордасы - Астана қаласында шетел азаматтардың болуын реттеу үшін мейрамхана, қонақүй және жатақханалардың әкімшіліктерімен келісіп, заңсыз тұрып жатқан, сондай-ақ ішкі істер органдары үшін жедел мүдделі тұлғаларды анықтау жөнінде тексерістер ұйымдастыру керек. Осындай жұмыстар ПИК және жалға беретін пәтерлер иелерінің көмегімен жүргізілуі ұсынылып отыр.

Тұрақты мекен-жайы жоқ тұлғаларды анықтау және оларды орналастыру мақсатында ішкі істер органдарының құралдары мен күштерін қатыстыра отырып, "Бродяга" жедел алдын алу шаралары өткізіліп тұрады. Осы шараға қосымша ресурстар, ең алдымен автобустар және жанар-жағар май бөлінуі қажет .

Азаматтарды заңсыз және қайта құжаттандыру дерегін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Астана қаласының Ішкі істер департаментінің Көші-қон полициясы басқармасында қолданыстағы көші-қон үдерісіне бақылау компьютерлік жүйесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің мәлімет базасына қосу туралы ұсыныс жасау қажет.

## 6. Ұйымдасқан қылмыспен күресу, діни экстремизм мен террористік бағыттағы қауіпті фактілерін ескерту

Ұйымдасқан қылмыспен күресу құқық қорғау органдарымен, арнайы және қазыналық органдарының деңгейін, қызметкерлерінің кәсіптілігін жоғарылатқан жағдайда оң нәтижеге жетуі мүмкін. Тек, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік құрылымдарда үйлестірудің, келісудің және кәсіптік әрекетінің нәтижесінде криминалдық жолмен экономика негізінде ұйымдасқан қылмыстарды, ұйымдасқан қылмыстық топтарды қаржыландыру көздерімен ақшалай қаржы каналдарын заңдастыруды анықтау және жою бойынша кешенді шаралар өткізуге болады. Ұйымдасқан қылмыспен күресудің басты бағыты, сол сияқты құқыққа қайшы қол сұғушылықтан кәсіпкерлерді тиімді қорғау болып табылады. Соңғы жылдарда жасалған қылмыстардың деңгейі және оның сапасының өзгеруінің төмендеуі жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметін белсендіру мен өзара әрекеттесуін жоғарылату, құқыққа қайшы әрекеттерге парапар әсер етуді қамтамасыз етуді талап етеді.

Терроризм және экстремизммен негізгі күресті құрайтын бұл құбылыстар түрінің жолын кесу және ескерту бойынша құқық қорғау органдарының және басқа да мемлекеттік құрылымдардың қызметтерін белсендіру, мемлекеттік деңгейдегі әрекетіне, дайындығына және бағытына қарсы тұру жүйесі мен ескерту шараларын міндетті дәрежесімен қамтамасыз ету болып табылады.

## 7. Ішкі істер органдарының жеке құрамы арасында заңдылық пен әскери-қызметтік тәртіпті нығайту. Қоғамның құқықтық мәдениетін және халық алдында полиция беделін арттыру

Құқық қорғау және әлеуметтік мемлекеттік органдарды, соттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде азаматтардың бостандығын және құқықтарын қорғау бойынша конституциялық кепілдіктермен қамтамасыз етуге, қалалық ішкі істер органдарының ұжымдары жоғары ұйымдастырушылық және ұнамды-тәрбиелік жұмыстармен бекітілу керек.

Полиция қызметкерлерінің заң нормаларын сақтамауы оңтайлы құқық қорғау беталысын тұрақтандырмай ғана қоймай, қоғамның демократия үдерісін, азаматтардың құқығын, бас бостандығы және мүдделерін қорғау жүйесінің қалыптасуына да теріс ықпал тигізетін фактор болып табылады.

Азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің дамуы қоғамның өзінің және құқықтық мәдениетін көтеру бойынша, яғни, жеке тұлғаның заңды сақтаушылық тәртібінің негізін қалыптастыру болып табылатын ұдайы

мақсаттағы бағыт беру жұмысын жүргізусіз дамуы мүмкін емес.
Өзінің құқығы мен міндеті туралы тұлғаның қажетті бөлімінің деңгейі болуы адамның дамуына міндетті жағдайы болуы керек, ал оған жетуге ұмтылыс - ол оның ішкі дүниесінің қажеттілігіне байланысты.

Бұл тапсырмаларды жүргізу, ең біріншіден, құқықтық сана сезімнің стереотипінің өзгеруіне, құқық нормаларын білуіне және оны қолдануына бағытталған, әрқайсысы үшін міндетті болып табылатын қоғамдық құқықтық-ақпаратпен толық қамтамасыз ету жүйесін құруды қажет етеді.

Қоғаммен байланыс жүргізуді кеңейту бойынша жұмыстарды жалғастыруды белсендіруде, Астана қаласының тұрғындары мен өз меншігіндегі пәтер иелерімен, педагогикалық ұжымдармен және оқу орындарында оқитын оқушылармен мақсатты бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру қызметіне барлық құқық қорғау және басқа да мемлекеттік құрылымдарын қатыстыру қажет.

## 8. Ішкі істер органдарының кадр саясатын жетілдіру. Ішкі істер департаменті қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыру

Астана қаласы ішкі істер органдарының қызметін кадрлармен қамтамасыз ету әлі күнге дейін басты мәселе болып отыр. Жеке қызметкерлердің кәсіптік деңгейлері көрсетілген талаптарға толық сәйкес келмейтіні, яғни, заңдылықты бұзушылық және азаматтардың мүддесі мен заң құқығын қасақана тудыру дерегінің болып отырғанынан кадрлардың ағымы әлі орын алып отыр.

Ішкі істер органдары негізі бағыттарының бірі мемлекеттік және қоғамдық азаматтарының мүддесіне жауап бере алатын кадр саясатын жүзеге асыру болып табылады. Оның басты бағыты қызметкерлерді азаматтардың конституциялық құқығына, намысына және қадыр-қасиетіне сыпайылылықпен, оларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған болуы керек.

Кадрларды дайындау және қайта дайындауда, орналастыру жүйесінің бағыттарын толық қарастыру қажет, ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету, кәсіптік тұрақтылықты кадрлық ядроларын нығайту және қалыптастыру бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру.

Арнайы әскери және қызмет дайындығы жүйесінің жеке құрамның біліктілігін көтеру бойынша жұмысын ұйымдастыруын, әрі қарай жандандыруын қажет етеді ішкі істер органдарын реформалау бойынша кешенді шаралардың маңызды басты бөлігінде қызметкерлердің заңдылықты және әскери-қызмет дайындығын нығайтуы, өз қатарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру күшін

жоғарылатуы бойынша жұмыстары болуы керек.

Қала шекарасының кеңеюіне және қызмет атқару алаңының көбеюіне байланысты Ішкі істер департаментінің ұйымдастыру-штаттық құрылым бөлімшелерінің және де патрульдік полиция мен сыртқы жол қызметінің, полиция бөлімшелерінің қызметкерлерін бекітуді талап етеді.

Магистральді тораптың кеңеюін ескере отырып, қала жолдарында жағдайды тұрақтандыру мақсатында, сондай-ақ елорда апаттық жағдайын өсуіне жол бермеу үшін Астана қаласының Ішкі істер департаменті Жол полициясы басқармасының штаттық құрамын көбейтуге қажет (қосымша 174 бірлік).

Осы мәселенің оңтайлы шешілуге байланысты Есіл өзенінің сол жағалауында қосымша алты полиция бөлімшелерін құрып, тиісті нормаға сәйкес оларды кадрлармен толықтыру жұмысын іске асыру қажет.

## 9. Ішкі істер органдарының қаржылық, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етуін нығайту

Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу жұмыстары олардың жедел-қызмет әрекеттеріндегі көрсеткіштерінің оңтайлы болуына жетелейді. Осы мақсатта жергілікті бюджеттің құрылуына 2006-2007 жылдарға "Сарыарқа" АІБ әкімшілік мекемесінде, Жол полициясы басқармасының мекемесінде, Полк патрульдік полициясы мекемесінде, Астана қаласының Ішкі істер департаментінің әкімшілік кешенді мекемесінде құрылыс жүргізуге қаражат бөлуді қарастыру ұсынылып отыр.

Астана қаласында үлгілі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Бағдарламада 2005-2007 жылдарға байланыс құралдарын уақытында иемденуге ақшалай қаржы бөлу қарастырылып отыр.

Әкімшілік мекемелерде және кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау және түзету орталығының аймағында, Патрульдік полициясы полкінде, Жол полициясы басқармасында, сонымен қатар төтенше оқиғаларды болдырмау мақсатында қажетті бейне байқау аппараттарын және күзет дабыл құралын уақытында сатып алып, оларды орнату көзделіп отыр. Астана қаласының әкімшілік шекарасының кеңеюіне байланысты полиция бөлімшелерін байланыс құралдармен, жабдықталған автокөліктермен қамтамасыз ету, сонымен қатар, оргтехникаларды сатып алуға ақшалай қаржы бөлуді қарастыру жөнінде қосымша шаралар қолданылады.

Қылмыспен күресуде цифрлық технологияларды, әдістерді, құралдарды қолданудың өсуіне байланысты Астана қаласы Ішкі істер департаментінің жедел-іздестіру іс-шарасын және тергеу әрекетін жүргізу үшін цифрлық

камераларды сатып алу қарастырылып отыр. Ішкі істер департаментінің аймақтық бөлімшелеріндегі АДИС "Папилон" кешенінің тиімді жұмыс атқаруы үшін республикалық база мәліметіне қосылған ара қашықтық станциясына қосып және орнатуды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Фота бейнелерін енгізу санын көбейту және полиция бөлімшелеріне жеткізілген тұлғаларды "Образ Плюс" база мәліметіне енгізу үшін сканерлерді және цифрлық фотокамераларды орнату қажет.

Қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы азаматтардың уақытында арыздануы және полиция кешенді күштерінің жасақтары жедел әрекет жасауын қамтамасыз ету мақсатында елорда "Модуль" полиция жүйесінің стационарлық бекеттер торабын кеңейту қажет.

Көлік құралдарын техникалық жағдайына диагностика жасау мақсатында Жол полициясы басқармасын жылжымалы диагностика пункттерімен қамту жөнінде қосымша шаралар қолдану жоспарлануда. Қоғамдық резонанс туғызған аса ауыр қылмыстарды ашуын жақсарту үшін Астана қаласы Ішкі істер департаментінің Жедел басқару орталығында Ұялы телефондар мониторингі жөнінде орталық бақылау пунктін құру туралы мәселе қаралуда.

Сонымен қатар, Астана қаласы аумағының кеңеюін ескере отырып, қалалық әкімдікке Есіл өзенінің сол жағалауында қосымша аудандық Басқарма салу және оны Инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізу туралы ұсыныс жасау қажет.

Қалада әрі қарай криминогендік жағдайларды оңтайландыру және Ішкі істер департаменті бөлімшелерінің жинақылығын жоғарылату мақсатында, 2005-2007 жылдарға қызмет автокөлігін сатып алуы үшін қажеттілігінше қаржының бөлінуін қамтамасыз етуі тиіс.

## 6-Бөлім. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету және мониторингті іске асыру

Ақшалай қаржыны талап ететін осы бағдарламаны жүргізу жөніндегі іс-шаралар жергілікті бюджеттен қарастырылған қаражаттар шегінің есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарлама іс-шарасын жүргізуге жоба шығыны жергілікті бюджеттің қаржы есебінен 405107 мың теңге құрайды (2005 жыл - 21385 мың теңге, 2006 жыл - 189381 мың теңге, 2007 жыл - 194341 мың теңге).

2005-2007 жылдарға қаржы шығынының көлеміне сәйкес қаржылық жылға бюджетті қалыптастыру және нақтылауда бюджет комиссиясының өзгертулері енгізілуі мүмкін.

"Орындауға жауаптылар" бірінші тармақтың 8-бөлігінде "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының астанасы - Астана қаласында

құқық мәдениетін жоғарылату және үлгілі қоғамдық тәртіппен қамтамасыз ету бойынша Бағдарламаны жүргізу жөнінде іс-шараларының Жоспары" атты көрсетілген іс-шараларды орындаушылар, белгіленген мерзімде есеп тапсырумен жұмысты ұйымдастыруға ведомствоаралық топтарды құруы мүмкін.

Басты орындаушылармен бірге қоса орындаушылар Бағдарламаны жүргізуде бөлінген ақшалай қаржыны ұтымды қолдануына, іс-шараның уақытында және сапалы орындалуына жауапты болады.

Қажетті жағдайда Бағдарламаны іске асыруға қатысты бар басқарудың жергілікті атқарушы органдары, сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының тиісті комиссиялары бекітілген заңнамаларының тәртібімен оны жүргізуі бойынша іс-шаралар Жоспарына және Бағдарламаға түзетулер енгізу жөнінде ұсыныстар беруге құқылы.

Астана қаласы әкімінің шешімі бойынша Бағдарламаның іс-шараларын орындау барысын және нәтижесін жоспардан тыс қалалық әкімдік отырыстарында Бағдарлама іс-шарасын орындайтын басқарудың жергілікті атқарушы органдарының басшыларының есебінен қарастыру мүмкін.

## 7-Бөлім. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны жүргізу нәтижесінде:

құқық бұзушылықтың алдын алу әлеуметтік жүйесі құрылады;

қылмысқа қарсы күрес ұлғаяды, ауыр және аса ауыр қылмыстардың саны (Астана қаласы бойынша жыл сайын көрсеткіш деңгейінен аспайтын тіркелген қылмыстардың саны - 10 мың халыққа 58 қылмыс), сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен көшеде жасалатын қылмыстар саны төмендейтіні күтілуде;

халықтың құқықтық сана сезімі, мемлекетке және құқық қорғау органдарына деген сенімді арттыру қамтамасыз етіледі.

## 8-Бөлім

### Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында 2005-2007 жылдарға арналған үлгілі қоғамдық тәртіпті және жоғары құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

| Р/с | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі | Жылдар бойынша болжанған шығындары | | | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2005 жыл | 2006 жыл | 2007 жыл | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Қылмысқа қарсы күресу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар | | | | | | | | |
| 1. | Қоғамдық тәртіпті сақтауда қатысатын азаматтар ынталандыруға бөлінген ақша-лай қаражатты мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету. | Астана қала-сының әкімі-н е ақпа-рат | Астана қ . ІІД | 2005-2007 жыл-дар | 3885 | 4099 | 4295 | Жергі-лікті бюджет |
| 2. | Пәтер иелері кооперативтері мен жергілікті атқарушы органдармен бірігіп көп қабатты үйлер-дің подъезде-рінің қоғамдық күзетшілері (консьерж) ретінде азаматтарды қатыстыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. | Астана қала-сының әкімі-н е ақпа-рат | Астана қ . ІІД, ПИК ассо-циация-с ы (келі-сім бойын-ша) | 2005-2007 жыл-дар | Қажет етілмейді | | | |
| 3. | Ішкі істер органдарының күштерімен меншік түріне қарамастан объектілерді күзету үшін шарт жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру. | Астана қала-сының әкімі-н е ақпа-рат | Астана қ . ІІД | Тоқ-сан сайын | Қажет етілмейді. | | | |
